The article presents the importance of the problem of formation of tolerance for people of different nationality; defines the role of historical and common local history disciplines in the education of tolerance and school offers teaching methods and techniques (“images” of tolerance, essays, making of a family tree, a role play, a dialogue), aimed at creating of a tolerant pupil.

Проблема воспитания толерантности и нравственной идентификации подрастающего поколения сегодня волнует общественность во всём мире и в нашей стране, в частности. Вполне очевидно, что воспитательную составляющую наряду с научными знаниями, информацией об обществе, его интересах и законах, культуре и искусстве невозможно оставить вне рамок школьной программы без существенного ущерба для качества образования, становления личности. В последнее время часто используется понятие толерантность - в политике, в культуре, в образовании, даже в быту.

Впрочем, и раньше мы нередко говорили о терпимости и, при всех различиях в толковании слова, в целом понимали его смысл.

Вполне понятно, что именно сейчас стала особенно актуальной проблема становления терпимого отношения к людям иной национальной и конфессиональной принадлежности. Постоянные межэтнические, межконфессиональные конфликты, в том числе и грозящие перерасти в глобальные, требуют формирования новой культуры отношений, построенных на уважении, принятии чужой культуры. Возрастающая с каждым годом мобильность населения земного шара превращает многие страны в поликультурные сообщества. Гармоничное развитие таких сообществ возможно только на принципах равноправия и равноценности самых разных культур.

Поведение учителя является для учащихся некоторым образцом. Толерантная культура учителя есть условие формирования толерантности школьников. Практически на каждом уроке истории, обществознания должны создаваться так называемые эпизоды толерантности: несколько минут интересной информации о культуре, о быте, об известных людях — представителях той или иной национальности. Несколько минут поэзии: казахской, восточной, русской, удмуртской - и всё это частички, создающие эмоциональную отзывчивость и открытость восприятия другой культуры [5,70].

Созданию толерантной атмосферы в классе, в школе способствуют деловые и ролевые игры, что позволяет школьникам понять переживания, особенности поведения носителей других культур, что, естественно, впоследствии поможет им принимать и понимать другой тип поведения, мышления. Возможно, систематическая работа по профилактике эксцессов предотвратила многие случаи психического насилия. А самое главное, способствовала формированию толерантной культуры школьников, являющейся одной из основ межкультурного диалога современности [1,12].

Следует отметить: курсы историко-обществоведческих дисциплин имеют огромный потенциал для формирования толерантной личности школьника. Так, при изучении темы «Казахское ханство» в VII классе на уроках истории ребятам предлагается выступить с мини-презентацией на определенную тему. Каждая группа за 7—10 минут старается дать самую интересную информацию. Очень важно, чтобы учащиеся выступали без стеснения, с чувством национальной гордости, что даст возможность одноклассникам достаточно внимательно слушать, задавать много вопросов.

Предмет «Краеведение» - это важное средство для формирования гражданской культуры школьников, одним из основных элементов которой является толерантность. При изучении таких тем как «Переселенческая политика», можно заранее дать проектную работу на тему «История Казахстана – моя история», где каждый ученик изучает историю своей семьи, задается вопросом, что значит для него Родина. Ученики составляют своё родовое дерево, связывают историю своей семьи с историческими событиями Казахстана. Но самое главное они учатся ценить отношения между людьми, которые независимо от национальности имеют одну Родину.

Судьба всего нашего общества во многом зависит от менталитета молодых граждан, в котором интегрируются национальные и универсальные ценности. Образование и воспитание в духе демократии и прав человека с учетом национально-региональных ценностей - одно из приоритетных направлений

развития казахстанской школы. Вот выдержки из нескольких школьных сочинений: «Как я представляю себе страну толерантности».

Ищанова Дильназ, 5 класс: «Я представляю себе страну толерантности очень красивой и мирной. В ней живут очень дружные человечки. Они никогда не ссорятся, все дела выполняют вместе, играют, поют и танцуют. Если кто-то попал в беду, то кто-нибудь обязательно поможет. Я мечтаю, чтобы наш поселок стал таким же как эта страна. Будьте дружными!»

Иванов Валера, 4 класс: «В моей стране Толерантности живут маленькие гномики. Они очень дружные, веселые, добрые, внимательные и заботливые. Гномикам нравится праздник Пасха. Поэтому они тщательно готовятся к ней: красят яйца, пекут куличи. А потом поздравляют друг друга. Ещё они любя собирают с радуги Доброты её прекрасные цвета и добрые слова».

Юсупов Мирас, 4 класс: «Однажды, мне приснился сон, что есть такая страна – страна Толерантности. В ней живут люди очень добрые и внимательные. Дети уступают место взрослым, переводят пожилых людей через дорогу, произносят хорошие и вежливые слова. Страна Толерантности – это где никто, ни с кем не воюет, не дерется, не ссорится. Все живут мирно и дружно. Она волшебная. Люди в этой стране любят ходить друг к другу в гости и дарить подарки. Они любят рассказывать интересные истории. Эта страна находится в нашем сердце.

Я бы очень хотел жить в такой стране. Хотя эту страну мы можем создать и сами, если будем толерантными».

По определению академика В. Тишкова, толерантность - «личностная или общественная характеристика, которая предполагает осознание того, что мир и социальная среда являются многомерными, а значит, и взгляды на этот мир различны и не должны сводиться к единообразию или в чью-то пользу» [4,258].

В программе ЮНЕСКО «Школа XXI века» констатируется, что выпускник школы должен творчески, по-новому смотреть на привычные вещи, самоопределяться, брать на себя ответственность за свое образование, быть толерантным, эмоционально устойчивым, доброжелательно относиться к многообразию жизни [2].

Успешность формирования толерантной личности школьника во многом определяется толерантной культурой учителя. Учитель своим поведением и поступками формирует толерантное отношение к ученикам, если соблюдает следующие принципы:

- принимать ребенка таким, каков он есть. Каждый школьник - самобытен;
- верить в способности ребенка, стимулировать его творческую активность;
- уважать личность ученика, создавать ситуацию успеха для каждого ребенка;
- не унижать достоинства ребенка;
- не сравнивать никого ни с кем, сравнивать только результаты действий;
- каждый имеет право на ошибку;
- каждый имеет право на свое мнение, никто не имеет права смеяться над суждениями окружающих.

Реализация этих принципов позволяет создать в классе атмосферу доверия, открытости, психологической комфортности.

Традиционные методы учебной работы порой бывают эффективны (мы это видели на примере краеведения), но часто оказываются недостаточными для формирования толерантного мышления учащихся.

Авторитарная педагогика уступает место педагогике гуманной, основанной на личностно ориентированном обучении, педагогике сотрудничества. Активные формы и интерактивные методы помогают учащимся овладеть знаниями и навыками, а также выработать позицию толерантности. Эвристическая беседа, урок-диалог, дискуссия, ролевые и деловые игры облегчают становление личности на основе толерантности, поликультурности, ненасилия.

Особое место среди учебных дисциплин занимает курс «Обществознание», который имеет огромные резервы для формирования общечеловеческих ценностей, в том числе и толерантности школьников.

Активные формы проведения уроков обществознания позволяют развить толерантность в поведении, мышлении ребят: ведь толерантной личностью ребенок становится в действиях, деятельности.

Несомненно, уроки истории и обществознания способствуют формированию данного качества личности, а именно дают возможность:

1. признавать разнообразие позиций и мнений;
2. воспитывать уважительное отношение к ценностям (религиозным, этническим, профессиональным, личностным и т.п.) других людей;
3. способствовать осмыслению социально-нравственного опыта предшествующих поколений;
4. формировать готовность и способность вести диалог с другими людьми, достигать в нем взаимопонимания;
5. представлять и цивилизованно отстаивать свою точку зрения, уважительно вести полемику.

Проблема взаимоотношений родителей и детей, взрослых и молодежи, эта вечная проблема «отцов и детей» приобретает особую остроту и актуальность в настоящее время, что объясняется ускоренным

темпом развития общества, быстрой сменой ценностей. Как сохранить духовную преемственность? Уважительное отношение к ценностям другого поколения невозможно без формирования терпимости. Активное сотрудничество в форме деловых, ролевых игр создает атмосферу открытости и доверия, что позволяет понять, признать и принять ценности представителей разных поколений [3,112].

Рассматривая проблему формирования толерантности как мирный способ разрешения житейских ситуаций, необходимо отметить воспитательное значение ролевых игр. Большую помощь оказывает ролевая игра «Приватное пространство». В процессе игры определяются сущность приватного пространства, его границы, пределы неприкосновенности частной жизни ребенка, взрослого. Создаются группы «Дети - Дети», «Дети - Родители», «Дети - Взрослые».

Научить детей общаться со взрослыми на равных, уважительно относиться к разным мнениям, развивать позитивное мышление - основа партнерских отношений между представителями разных поколений, поэтому традиционно заканчиваем встречи поколений блиц-турнирами «Я хочу у Вас спросить...», «А правда ли это...» и т.п.

В результате живого диалога между взрослыми и школьниками, родителями и детьми создается атмосфера доверия, искренности, доброжелательности и толерантности. Так, шаг за шагом, формируется толерантность как основа цивилизованного общества, как необходимое социально значимое качество [6,28].

Любой школьный класс - это своеобразная микро модель современного полиэтнического общества. Этнический состав представлен казахами, русскими, татарами, удмуртами, марийцами, башкирами, узбеками, армянами, азербайджанцами, украинцами и другими нациями. Практически на каждом уроке истории, обществознания есть эпизоды толерантности; целенаправленно проводятся уроки толерантности.

Первый уровень общения толерантности - это семья, класс, школа. Наличие толерантного учителя, родителя есть необходимое условие становления толерантной личности школьника. Использование национально-регионального компонента помогает продемонстрировать терпимость и уважение к различным культурам [7,11].

Таким образом, формирование толерантности на уроках истории и обществознания должно быть направлено на противодействие влиянию, вызывающему чувство страха и отчуждения по отношению к другим, способствовать развитию у молодежи навыков независимого мышления, критического осмысления и выработке суждений, основанных на моральных ценностях.

Список литературы:

1. Вульфова Б.З. «Воспитание толерантности, сущность и средства» Внешкольник-2002 г. № 6. – С.12.
2. Декларация принципов толерантности. Утверждена резолюцией 5.61. Генеральной конференции ЮНЕСКО от 16 ноября 1995.
3. Солдатова Г.У., Шайгерова Л.А., Шарова О.Д. «Жить в мире с собой и другими: Тренинг для подростков.» М.: Генезис,- 2000. – С.112.
4. В. Тишков «Очерки теории и политики этничности в России.» М., 1997. - С. 258.
5. Иоффе А.И. «Воспитание толерантности и уважения к культурному Многообразию» Преподавание истории в школе. – 2009. – № 1. – С.70.
6. Степанов П.В. «Воспитание толерантности у школьников: теория, методика, диагностика / Под ред. Л.И. Новиковой.» – М.: АПКИПРО, 2005. – С.28.
7. А.Г. Асмолов «На пути к толерантному сознанию», М., 2000 – С.11.

ЖАСТАР ПАТРИОТИЗМІ – МЕМЛЕКЕТ НЕГІЗІ

*Мадиева Айгерим, «Азық –түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығының 1 курс студенті
М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті Тавтыбаева А.А., «Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы*

Мақалада еліміздегі жалпы патриотизм, ұлттық патриотизмді дамыту сияқты мәселелерге көңіл бөлінген. Автор осы мәселеге байланысты өз көзқарасын білдіріп көрсеткен.

В статье уделяется внимание проблемам развития патриотизма, национального патриотизма. Автор выражает свою позицию по проблемам развития патриотизма в молодежной среде.

The problems of development of patriotism, national patriotism are shown in the article. The author expresses his opinion on problems of development of patriotism among youth.

Біз-қазақ ұлты терең тарихы, бай мәдениеті, озық өнері мен шешен де маңызды тілі бар елміз. Арғы тарихымыз біздің дәуірімізге дейінгі V-III ғасырлардағы сақ, ғұн, үйсін тайпаларынан басталатын болса, «қазақ» деген атауға ие болып, қазақ мемлекетінің құрылғанына 550 жыл толып отыр. Римді жаулаған ғұн

патшасы Еділ (Атилла), Кирдің басын алған Томирис ханшайым, түркі дүниесінің төріндегі Бумын, Тонькөк қағандар, Мысыр билеушісі Сұлтан Бейбарыс, Үнді жеріне иелік еткен Бабыр, Шыңғыс хан, Абылай, Кенесары, Дінмұхамед, Нұрсұлтан есімдері біз үшін тек зор мақтаныш ғана емес, рухани әлеміміздің шамшырақтары екені даусыз. Түркі мәдениетінің жауһарлары өз дәуірінде ғана емес ХХІ-ғасырда да әлемдегі ең озық мәдениет екенін тарих дәлелдеп отыр. Египеттің пирамидаларынан Қожа Ахмет Яссауи мавзолейі, перғауындардың саркафагтарынан қазақ даласының алтын сауыттары кем емес екені әлде қашан дәлелденген. Көшпенділер өнері, шумерлік мәдениет әлемді мойындатқалы қашан. Қазақстан жер көлемі жағынан әлем бойынша тоғызыншы, ТМД бойынша екінші орынды иеленеді.

Қазақ ұлты тарихта тағдыр талайын аз көрмеген халық. Жер шарының жартысын табанының астына салған дүбірлі дәуірімен бірге халқының үштен екісін жоғалтып, өз жерінде жалпы халықтың 24 пайызын ғана құраған, зиялысымен бірге ер азаматтарынан мүлде айырылып қалудың аз алдында қалған, соған қарамастан ұлттық намысын, салт-дәстүрін, діні мен тілін, ұлттық болмысын ғана емес мемлекеттігі мен жерінің тұтастығын сақтап қалған қайсар да жауынгер, кемел де кеменгер халық. Қазақ екенімізге мақтана алатын артықшылықтарымыз аз емес. Алайда ХХІ-ғасырда, жаһандану дәуірінде қазақ халқын тағы бір үлкен сын күтіп тұр. Ол-қазақ ұлтын ұлт ретінде сақтап қалу және Қазақстанды әлемдегі озық мемлекеттердің алдына шығару. Бұл-ұлы мақсат, Қазақстан мемлекеті мен қазақ ұлтын дамыту мен гүлдендіру мақсаты. Оған жетудің оңай емес екені де белгілі. Бұл идеология Қазақстан болашағы үшін, қазақ ұлтының келешегі үшін жаны ашитын, тілі мен діні, жарқын болашағы, ертеңгі алаңсыз өмірі, келешек ұрпағының бақыты үшін күресетін, берік бірлігін сақтай отырып, бір мақсатқа жұмыла әрекет ететін, «Мен қазақпын, мен қазақ екенімді мақтан тұтатын адамдарға арналады.

Біз-қазақ ұлтының патриоттары өзіміздің ұлтымызды сүйетінімізді, әрқандай жағдайда ұлтымыздың болашағы үшін күресуге дайын екенімізді басқаларға мақтана айтуға тиіспіз. Бұл күресте біз аса білімді және жылдам болуға міндеттіміз. Ол үшін бізге берік денсаулық керек. Берік денсаулыққа жету үшін жат қылықтардан, өрескел әдеттерден алыс жүруге тиіспіз. Әркім өзінің ата-анасын, бауырын, қарындасын, туып-өскен жерін, ана тілін, дінін жақсы көруі тиіс.

Соңғы кезде ұлттық патриотизм идеясы туралы көп айтылады. Қазақ ұлты - Қазақстан мемлекетінің негізін қалаушы мәртебелі ұлт. Қалған ұлттар диаспора болып саналады. Қазақ ұлты басқа ұлттардың дамуы мен тілін, дінін, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпын сақтауға кедергі келтірмейді. Басқа ұлт өкілдерінің қазақ ұлтының тілі мен дінін, салт-дәстүр, әдет-ғұрыпын, ұлттық болмысын сыйлауын құрметтеуін талап етеді.

Ұлт патриоты деген кім? дейтін болсақ, ол ұлты - қазақ, отанын құрметтейтін білімі жоғары, көп білуге құштар, білімі мен білігін ең алдымен өзі үшін, содан кейін отбасы - балалары, әке-шеше, туыс-бауырлары үшін, елі-жері, жұрты үшін жұмсайтын ізденімпаз тұлға. Сонымен қатар ана тілі, яғни, қазақ тілінің қадір-қасиетін терең түсінетін, қазақша ойлап, қазақша сөйлейтін, жаза білетін, тілінің дамуын мақсат тұтатын жанашыр.

Ұлт Көшбасшысы, Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдаған «Қазақстан-2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру бағытында жүйелі жұмыстар атқарылу керектігін баса айтты. Елбасы Жолдауында «Өз бойымызда және балаларымыздың бойында жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуіміз керек. Бұл ең алдымен, елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялатады», – деп атап өтті. Бүгінгі таңда патриотизм ұғымы тек мемлекеттік тұрғыда ғана емес, әлемдік деңгейде бейбітшілік пен тыныштықты сақтау мәселесі тұрғысынан қарастырылады. Қазақстандық патриотизмді әлемдік тыныштық пен бейбітшілікті сақтаудың негізгі бір тұғыры деп айтуға болады. Еліміздің алғашқылардың бірі болып ядролық қарудан бас тартуы, сынақ алаңдарын жабуы, бұл әлемдік бейбітшілікті сақтауға жасалған негізгі қадам болып табылады.

Жас ұрпақтың парасатты да бойында азаматтық намысы бар елін, жерін сүйетін азамат етіп өсіргіміз келсе, бүкіл қоғамдық дамудың негізін келешек ұрпақ тәрбиесіне бағытталуы қажет. Осыған байланысты мемлекет тарапынан жаңа қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, ұлттық интеллигенцияның жалпыұлттық көзқарастық құндылықтар мен барша қазақстандық бірегейлікті нығайтудағы рөлін арттыруға арналған іс-шаралар жоспары да бекітіліп отыр. Жалпы, патриотизм ұлттың тілі, діні мен ділімен тығыз байланысып, астасып жатқан ұғым деп қарастырылуда. Дәл бүгінгі шақта көтеріліп отырған маңызды мәселелер қатарында жастарды патриоттық сезімге баулып, өсіру өзекті саналады. Қазақстанның кез келген азаматын отансүйгіштік, патриоттық рухта тәрбиелеудің орны бұрын да бөлекше болған, бүгін де маңызын жойған емес. Кез келген елдің дамуы саналы азаматтар қатарының көбеюімен де байланысты. Себебі болашақ – қазақ жастарының қолында. Ал осы жолда тайсалмай, еліміз үшін деп ерінбей еңбек ететін болсақ, өз үлесімізді қосарымыз анық. Келешекте ел тізгінін қолға алатын жастардың барынша білімді, жан-жақты, білікті болуы қаншалықты маңызды болса, олардың Отанына деген сүйіспеншілігінің мол болуы басты қажеттілік болса керек. Өйткені, елін, жерін сүймеген азамат Отанына адал қызмет ете алатыны күмән тудырады. Ұлтының патриоты болған адам ана еліне бей-жай қарай алмайды. Ал өз тілінде де, өзге тілдерде де еркін сөйлейтін маман қай кезде де еліне пайда келтіре алатыны анық. Қазіргі тәуелсіздік жағдайында жастарды патриоттыққа баулу – айырықша маңызға ие мәселелердің бірі болып отырғаны да сондықтан.

Қолданылған әдебиет:

- 1 «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 14.12.2012.
2. Назарбаев Н.Ә. “Тарих толқынында”. Алматы, 1999 ж.
3. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. - Алматы. Санат, - 1995. 552б.
4. . «Қазақстан» Ұлттық энциклопедия. Бас.ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақстан энциклопедиясы, 1999. – 720 б.

ПАТРИОТТЫҚТЫҢ НЕГІЗІ ОТБАСЫНДА ҚАЛАНАДЫ

Омар Жазира, *«Азық-түлік өнімдерінің технологиясы» мамандығының I курс студенті*
Тавтыбаева А.А., *«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының аға оқытушысы*

М.Дулатов атындағы Қостанай инженерлік-экономикалық университеті

Мақалада патриоттық сезімнің бастауы отбасынан қаланатыны туралы айтылған. Автор патриоттыққа тәрбиелеуде ерекше мән отбасында берілуі тиіс деген ойын ашады.

В статье говорится о воспитании чувства патриотизма в семье. Автор придает большое значение формированию в семье чувства патриотизма, гражданского долга.

An education of patriotic feeling in a family is described in the article. The author attaches great value to formation of patriotic feeling, a civic duty in a family.

«Отан отбасынан басталады» демекші, бірде мен «Әке, бақыт деген не?» деп сұрадым, сонда ол «Бақыт деген, шырағым, мына әсем тұрғаның, күннің күліп тұрғаны, тыныштығы әлемнің» деді күлімсіреп. Мен өзімді бақытты өсіп келе жатқан жастар қатарына қосамын. Неге дейсіздер ғой? Бұл сұраққа жауап беру үшін халқымның сонау тарихи өміріне ой салғым келеді. Қазақ халқы көп қиыншылықты басынан өткізген. Кедейлік, қиын өмір, Ұлы Отан соғысы, Сталиндік репрессиялар. Қазір біз тату-тәтті, бірлік пен ынтымақта тұрамыз. Ғасырлар бойы жасаған халқымның ерлік істері нәтижесіз емес. Бір мың тоғыз жүз тоқсан бірінші жылы он алтыншы желтоқсанда Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізді. Ал біздің мемлекетіміздің тәуелсіздігі –қазақстандық патриотизмнің бастау көзі деп есептеймін. Ол да бір бақыт емес пе?!

Менің туып өскен жерім - егеменді Қазақстан. Қазақстанның байлығы өте көп, қазынаға бай ел. Біздің еліміздің табиғаты өте сұлу. Биік-биік асқар тау, мөп-мөлдір көлдер, неше түрлі өсімдіктер мен дәрілік қасиеті бар шөптер өседі. Қазақстан жерінде аңдар мен құстар, неше түрлі жануарлар мекендейді. Сол жерде біздің ата-бабаларымыз, батырларымыз, ақындарымыз, ғалымдарымыз туып өскен. Қазақстандай жері шұрайлы, шөбі шүйгін өлкені мен әрқашан да мақтан тұтамын. Қазақстанның кең даласындай байтақ дала еш жерде жоқ шығар. «Отаның-алтын бесігің», «Отаны жоқтық – нағыз жоқтық»- деп дана халқымыз бекер айтпаған. Өз Отанын сүю, өз ана тілін ардақтау - әрбір азаматтың бірінші міндеті. Адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі патриотизмге жатады. Отанға қызмет ету әрбір жеке тұлғаның тарихтағы орны мен еңбегінен, олардың өшпес өнері мен ғұламаларының өсиеттерінен үлгі алған, солардан рухтанған ұрпақтарымыздың патриоттық күшімен өлшенеді. Екінің бірі тумысынан дара, ғұлама болмайды, оқудан, таңдау, үйренуден барып, адам өзін толыққанды етіп тәрбиелейді.

Ал қазіргі кездегі қазақстандық патриотизм туралы айтатын болсақ, ол - қазақ мемлекетін Отаным деп сезіну, басқа ұлттың қазақ халқына сый - құрметпен қарауы, әр ұлттың құқықтық еркіндігін қуаттай, туған жерін көркейтуге, қорғауға дайын болуы. Жалпы патриоттық сезімнің қалыптасуы отбасы тәрбиесінен бастау алып, өсе келе мектепте, әлеуметтік ортада әрі қарай дамып, жүзеге асады.

Өзімді бақыттымын деп санауымның тағы да бір дәлелі, ол ана тілімді игеруге үкімет тарапынан көптеген шаралардың жасалуында. Әр халықтың өзінің ана тілі бар. Тіл – жеке адам ойлап тапқан туынды емес, ол барша ұлтқа ортақ, соның төл перзенті. Сол халықтың мәдени әлеуметтік өмірінде өзіндік мәні бар киелі ұғым деп тәрбие алып келемін.

Қай қоғамда да тіл мәселесі болатыны белгілі. Біздің ұлтта да тіл өзекті мәселе болып отыр. Қазақстанда қазақ тілі –мемлекеттік тіл. Солай бола тұрса да, бізде қазір көптеген қазақтар үй ішінде, сыртта, қоғамдық орындарда орысша сөйлеп, қазақ тілінің сөйлеу өрісін тарылып, қолданылу аясын әлсіретеді, тіпті жоғарғы жақтағы басшылардың өздері орыс тілінде сөйлейді, қазақша сөйлегеннің өзінде шұбарлап сөйлейді. Басты кемшілігіміз – осы. «Мен патриот емеспін» деген қазақ жастарының болғаны жанға батып, налығанымызды несіне жасырайық. Іштей өз елін, жерін, ұлтын сүймейтін адамнан неғайбыл және өзінің патриот емес екенін мақтанышпен айтатын азаматтар қатары азаймай тұрса, өзгеге не жорық дейсің амалсыз. Сондықтан да ондай қасиеттер адамның кішкентай кезінен бастап отбасында тәрбиеленуі тиіс деп ойлаймын.

Биыл ата-анаммен Астана қаласына Қала күнін атап өтуге барғанымын. Жаңа астанада бой көтеріп

жатқан көп қабатты үйлер жаңаша сәнмен, ерекше көрікпен салынып жатыр екен. Қаланың әсемдігіне қарап көзің тоймайды. Шет елдердегі қалалар секілді. Жаңа қаланың ортасынан бой көтерген Бәйтеректің, Ақ орданың, Үкімет үйі, бәрі-бәрі де ерекше сәнмен орын тепкен. Әсіресе, алаңқайларға егілген, қазақша өрнекпен бейнеленген қызыл-жасылды гүлдер, жан-жағына салқын леп таратып тұрған түрлі-түсті субүркіштер, халқымыздың ертегі-дастандарынан алынған ертегі кейіпкерлерінің мүсіндері менің көз алдымнан ешқашанда кетпейтін шығар.

Біздің Қазақстан – көп ұлтты мемлекет. Бейбітшілік пен достастықта, татулықта бірге жұмыла отырып, қызметтің әр түрлі саласында қазақтар мен орыстар, татарлар мен немістер, украиндер мен кәрістер, тағы басқа да ұлт өкілдері еңбектенуде. Адамзат баласының татулығына ұмтылу әр халықтың қанында бар, әсіресе ол қазақстандықтарда ерекше дамыған. Бұл қазақ жерінің жомарттығынан, осы өлкелерге тағдыр алып келген барлығына құшағын кең жайып, пейілін кеңге салатын қазақ халқының мінезінен жаралған. Осында тұрушылардың барлығы қазақ халқының тілін, тарихы мен салт-дәстүрін білуі керек. Қазақстанда тұратын барлық халықтың татулығы мен бірлігінің мәні осында. Ол байырғы көркем Қазақстан жерінде бейбітшілікті сақтауға көмектеседі. Ал татулық – болашақта гүлденудің маңызды талабы. Мен туған және өскен жері біртұтас болғанда ғана адам бақытты болады деп ойлаймын. Мен қандай бақыттымын, өйткені сен барсың – менің Қазақстаным! Мен бақыттымын... Себебі мен ынтымағы жарасқан, бірлігі ұласқан елде тұрамын. Бақыт бірлігі мен ынтымағы бар елге қонады екен. Демек, мен бақытты жерде туған елімнің бақытты перзентімін. Бұрынғы өткен заманда бабамыз Абылай армандаған қазақтың Сарыарқадай сайын даласының Есіл жағасына ел қондырсам деп еді, елімді – жерімді біртұтас жүз жүзге бөлінбейтін мемлекетке айналдырсам деген арманы, еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жүз жүзге бөліндірмек тұрмақ, 130-дан астам ұлтты ұйыған айрандай бірлікпен жүзеге асырып, мемлекетімізді бейбітшілікте басқарып отыр. Біз білсек қазір қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүріп жатырмыз. Бұл кез келген мемлекеттің жете бермейтін жетістігі.

Бұл «Мың өліп, мың тірілген» қазақ халқының сан ғасырлық аңсаулы асыл арманы еді.

Қорыта келгенде, ұрпақтан - ұрпаққа мирас болып келе жатқан ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар арқылы тәрбие беру жас буын бойындағы сана - сезімді, намысты, парызды қалыптастырумен қатар егемен еліміздің тәуелсіздігін, ынтымағын, бірлігін сақтап қала алатын патриот - азамат тәрбиелеуге толық мүмкіндігіміздің бар екендігі анық. Осы жолдағы ата-ананың, мемлекеттің сілтер бағыты, көрсетер жолы түзу болсын дегім келеді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» ҚР Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 14.12.2012.
5. Назарбаев Н.Ә. «Тарих толқынында». Алматы, 1999 ж.
6. Қазақтың мақал-мәтелдері. Алматы, 2007 ж.
7. Қазақтың би-шешендері. Алматы, 2007 ж.
8. Батырлар жыры. Алматы, 2007 ж.



ҰЛТЫН ҰЛЫ МҰРАТҚА ЖЕТЕЛЕУШІ ҰЛТЖАНДЫ ЖАСТАР

Ондырханова Ж.М. «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 2 курс студенті Ғылыми жетекші: **Жумасұлтанова Г.А.** тарих ғылымдарының кандидаты, саясаттану және әлеуметтану кафедрасының доценті
Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды Мемлекеттік Университеті

Бұл мақалада қарастырылатын негізгі ой – қазақстандық патриотизм, яғни қазіргі жастардың патриоттық намысын тәрбиелеу, өз Отанына деген сүйіспеншілікті арттыру мәселелері.

Данная статья посвящена развитию и воспитанию патриотизма в казахстанской молодежной среде, поисков путей его формирования, в основе которой лежит любовь к Родине.

This article focuses on the development of patriotism in Kazakhstan's youth, finding ways of its formation, which is based on love for the Motherland.

Бүгінгі күні әлемдік кеңістіктің жаһандану жағдайына байланысты барлық мемлекеттер үшін өз елінің шынайы азаматын әрі патриотын тәрбиелеу ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Патриотизм қазіргі таңда әлеуметтік, діни-адамгершілік, идеологиялық, мәдени және әскери-тарихи сынды негізгі құраушыларының жиынтығы негізінде қарастырылады.

Патриотизм – Отанына деген махаббат, туған жеріне деген адалдық, кешегісі мен бүгінгісі деген мақтаныш, оның қадыр қасиеті мен мәдени құндылықтарын сақтап қалуға деген құлшыныс, жеке және топтық мүддені елдің жалпы мүддесі үшін құрбан етіп, өзін оған сәйкес ұстау, Отанға қызмет ету, оның мүддесі үшін күресу басты мазмұны болып табылатын сезім. Патриотизм – ананың ақ сүтімен адам бойына дарып, кейін отбасындағы, мектептегі алған тәрбиесімен беки түсетін, қоғамда қалыптасатын өте күрделі

әрі терең сезімдердің бірі.

Президентіміз Қазақстандық патриотизмді дамыту саласындағы ең басты міндеттерді айқындап бергені белгілі. Патриот – Отанына адал азамат. Ал патриотизм – Отанға деген махаббат. Елбасы бұл қасиетті ұғымға мынадай анықтама берген еді: «Қазақстандық патриотизм – туған Отаны мен жеріне деген махаббат, оның тарихы мен мәдениетіне деген үлкен құрмет, әркімнің өз күшіне деген сенімі мен барша қоғамның ұйымшылдығы, бүгін қаланып жатқан өз елінің болашағына деген жауапкершілікті сезіну және оның жаңа тарихына атсалысу сынды қасиетті сезім» [1]. Ол патриотизмді көптің күшімен, әсіресе, жастар арасында ғана қалыптастыра алатынымызға баса назар аудартты.

Қазіргі Қазақстанда жастар ортасында азаматтық қасиеттер мен патриотизмді қалыптастыру кез-келген мемлекет үшін өзекті мәселеге айналды. Соның негізінде патриоттық тәрбиелеудің ішкі және сыртқы саяси міндеттерін тиімді шешуге көмектесетін түрлі механизмдер мен әдістер құрылды. Соның ішінде бүгін Қазақстанда азаматтық пен патриотизмді қалыптастырудың белгілі концептуалдық-құқықтық базасының негізі қаланды. Ол өз Отанының кез-келген адам байлық пен бақытқа еркін кенеле алатын мекенге айналуын қалаушы азаматтың соған тікелей қатыстығын сезіндіруден туындап отыр. Республиканың ең басты принциптері қамтылған Қазақстанның Конституциясы да осыған бағытталады. Мысалы онда қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, халық мүддесіне негізделген экономикалық даму, мемлекеттік өмірдің ең негізгі мәселелерін демократиялық әдіспен шешу қажеттілік туралы айтылады [2].

Жастардың бойына азаматтық-патриоттық сана қалыптастыру бойынша жаңа міндеттерді түсіндіруде негізгі тірек патриоттыққа тәрбиелеудің тұтас жүйесін құрастыру үшін ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевпен бекітілген «Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттыққа тәрбиелеудің мемлекеттік бағдарламасы» болып табылады. Бағдарламаның өзектілігі қазақстандық қоғамның рухани әлеуетін көтеру, ең алдымен, «азаматтардың бойында жоғарғы патриоттық сана, өз отанына деген мақтанш сезімін қалыптастыру, патриоттық тәрбиені мақсатты дамыту арқылы Отанының мүддесін қорғау бойынша азаматтық борышы мен конституциялық міндеттерін орындауға дайын болуға тәрбиелеу» [3] қажеттілігімен негізделеді.

Патриотизмге жай ғана үйрету мүмкін емес, оны мақсатты түрде көп еңбектене отырып, жастардың бойында тәрбиелеу қажет. Оқу процессіне инновациялық технологияларды, халықтық педагогика элементтерін енгізіп, оқу топтарында жағымды микроклимат қалыптастыру арқылы оқытушылар тәрбие жұмыстарына көздеген мақсатқа жету үстінде. Танымал қазақстандық жазушылардың, атақты ақындардың еңбегін оқи отырып, оқушылар өздеріне әдеби кейіпкерлердің рухани ізденісінің, өмірлік және қоғамдық ұстанымдарын таңдаудың мазмұнын ашып, тарихи кезеңдер тоғысындағы адамзаттың рухани даму проблемаларын сезінеді.

Қазір жастар бойында патриоттық тәрбие қалыптастыруға бағытталған мемлекеттік шаралар жайында, әсіресе оны насихаттаушы бұқаралық ақпарат құралдарын қолдау бойынша шаралар жүйесі жайында нақтырақ айтуға болады. Мысалы, жоғарда айтылған бағдарламада бұл жолда келесі шараларды қолдану қажет деп белгіленеді: Отандық тарихты бұрмалау және жоққа шығару фактілеріне белсенді түрде қарсы тұру; патриоттық мәселе бойынша интернет желісінде ақпараттар қорын құру; теледидар мен радио бағдарламаларда және басылымдарда азаматтарды патриоттыққа тәрбиелеу бойынша тұрақты қызмет ететін айдарларды ұйымдастыру [3]. Нәтижесінде патриоттыққа тәрбиелеу әрекеттері рухани және мәдени өрлеуге, мемлекет пен оның қорғаныс қабілетін күшейтуге, әлеуметтік және экономикалық тұрақтылыққа жетуге жетелеуі қажет. Патриоттық тәрбиелеудің тағы бір маңызды атрибуты өз мемлекетінің рәміздеріне деген махаббатты күшейту мен насихаттау болып табылады.

Біздің елімізде жастарда патриоттық сезімді қалыптастыруда көп шаралар жүргізіледі. Мемлекет саясаты өскелең ұрпақтың елдің мемлекеттік рәміздерімен танысуға қолайлы жағдай жасауға, ұлттық тарих пен мәдениетті құрметтеу рухында тәрбиелеуге бағытталған. Барлық қалалық және ауылдық мектеп, мектепке дейінгі және мектептен тыс мекемелердегі ақпараттық стендтер, сынып бұрыштары үнемі жаңарып, қайта безендіріліп отырады, сондай-ақ шығармалар мен ғылыми-зерттеу жұмыстары жазылып, біздің мемлекетіміздің рәміздерін білу деңгейін арттыратын байқаулар ұйымдастырылады. Мектептерде үнемі сабақ басталмас бұрын елдің Әнұраны ойнайды. Осылайша, бүгінгі күні қазақстандық патриотизм қоғамдық сана-сезімнің өмірде бар шынайы көрінісі және оны тәрбиелеу бірқатар мемлекеттік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстандық ортада рухани-адамгершілік және әлеуметтік құндылық ретінде нағыз патриоттық рухты ояту, жас азаматтың бойында азаматтық белсенділікті, әлеуметтік-маңызды қасиеттерді дамыту бүгінгі күні өте өзекті. Тәуелсіздік жылдарында Қазақстанмен аз шаруа тындырылған жоқ: 743 жастар ұйымы, бірлестігі мен қозғалысы өз жұмыстарын белсенді түрде дамытып келеді. 15 мың жас азамат пен азаматшалар «Нұр Отан» халықтық-демократиялық партияның жастар қанаты «Жас Отанның» мүшесі болып табылады [4]. «Жастар – біздің болашағымыз» дей отырып, «Нұр Отан» партиясы жастарды қолында болашақ бар алып күш болуға тәрбиелейді. Қабылданған «ҚР мемлекеттік жастар саясаты туралы» заң мен «Қазақстан жастары – 2009» бағдарламалары азаматтық-патриоттық тәрбиені бағытталған. Әрине, олар жігерге, ықылас пен өз ісіне деген сүйіспеншілікке толы жастардың ірі әлеуметтік жобаларға жаппай атсалысуын талап етеді. Алайда, өзін патриот санайтын қазіргі заманғы жастардың кейбір бөлігі үшін патриотизм түсінігі белгісіз, абстрактілі қасиетке ие, яғни, тұлғаның нақты іс-әрекеті мен тәртібіне ешқандай жауапкершілік жүктемейтін сезім дегенді білдіреді. Жастар ортасында өзіміздік мен өмірге

деген тұтынушылық қарым-қатынас рухы даму үстінде. Мұндай бұқаралық мәдениеттің кең етек алуы анайылық қасиетінің арқасында жастар үшін қол жетімді болып, оның соңы рухани таяздық, адамгершілік құлдырау мен интеллектуалдық енжарлыққа әкеп соғады. Сол себепті, нағыз патриотизм – тек сөз ғана емес, елдіңтағдырына араласып, оның мәселелерін шешуге атсалысу екендігін түсіндіру үшін жастармен мақсатты түрле тиімді жұмыс жасау керек. Әр адам бала кезінен қарапайым ғана мына ұғымды меңгергені жөн: «Қазақстан – менің Отаным!». Әрине, бір ғана ұрандар мен үндеулердің күшімен патриотизмге тәрбиелеу мүмкін емес. Тек қана мектеп, университет, қала, аймақ айналасында жүзеге асатын тәжірибелік іс-әрекет азаматтық белсенділікті ынталандырып, жастардың Отанына деген махаббатынан оның бұл сезімін дәлелдей алатын нақты әрекетке көшуіне ықпал етеді. Осы бағыттағы белгілі тәжірибе бірқатар жоғарғы оқу орындарында да қалыптасып үлгерді.

Мысалы, 2011-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту мемлекеттік бағдарламасы жобасының маңызды бағдарламалық мақсаты «Тәрбие жұмысы мен жастар саясаты» бөлімінде жастардың бойында белсенді азаматтық ұстанымын, әлеуметтік жауапкершілігін, патриотизм сезімін, жоғарғы адамгершілік және көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру мәселелері зор маңызға ие. осы мақсатты жүзеге асыру үшін мынадай мақсатты индикатор құрастырылған: «Жалпы жастардың ішінен жастар саясаты мен патриоттық тәрбиелеу саласындағы шараларды жүзеге асыруға белсенді түрде қатысқан жастар үлесі» (2010 ж. – 25%, 2015 ж. – 27%, 2020 ж. – 55%) [5].

Бұл бағдарламада көздеген мақсаттарға жету үшін алдымен мына мәселелерді шешіп алу қажет деген ой айтылады:

Жастар саясатын жүзеге асыру қазақстандық патриотизмді, рухани-адамгершілік мәдениетті тәрбиелеу, ұлттық құндылықтарды қалыптастыру негізінде орындалатын болады. Оның ішінде 2011 жылдан бастап:

– мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында кеңес беру, ақпараттық-талдамалық, оқыту және т.б. қызмет көрмету мақсатымен мемлекеттік емес жастар ұйымдарының жанынан құрылған облыстық, республикалық әлеуметтік қызметтер алдағы уақытта да жалғасын табатын болады;

– мемлекеттік әлеуметтік тапсырыстарды жүзеге асыру аясында республикалық деңгейде еріктілер, әскери-патриоттық ұйымдар, әскери-спорттық, әскери-ізвестіру және спорттық техникалық клубтар жүйесі 20-дан 30-ға ұлғаятын болады;

– білім беру ұйымдарындағы спорттық секциялардың желісі жетілдіріледі;

– қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мақсатында мемлекеттік рәміздерді дәріптеу, тарих, салт-дәстүр мен туған тіл бойынша білімді қалыптастыру шаралары тұрақты түрде жалғасатын болады;

– түрлі жобаларды жүзеге асыру арқылы жастар ортасында қайырымдылық мәдениетін қалыптастыру бойынша мақсатты бағытталған шаралар қолға алынады [5].

Сонымен қатар, жастар мүмкіндігін ашу механизмдерін жүзеге асыруда келесі шаралар ұйымдастырылады. Жастар саясаты саласындағы мәселелерді шешуге жастарды қатыстыру үшін алға олардың құзырлы органдарда қызмет істеуін қамтамасыз ету міндеті қойылады. Әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру аясында студенттер арасында ұйымдастырушылық машығы мен көшбасшылық қасиеттері бар белсенді азаматтарды, сондай-ақ жастар ұйымдарының жетекшілерін дайындау жоспарланған.

Қорыта айтқанда, қазіргі Қазақстанда жастар саясатының басты міндеті халықты үдеріс пен гүлдену жолымен алып жүруге қабілетті жастарды тәрбиелеу болып табылады. Тек нағыз патриоттар ғана өз Отанының мұрасын сақтап әрі көбейте алады. Осыны ескеруде елімізде бұл жолда елеулі іс-шаралар қолданыста және болашақта оларды дамытуды қолға алу қажет.

Қолданылған әдебиет:

1 Әбдәманов С. Ел болашағы – патриоттардың қолында. 2006ж.- №73

2 Қазақстан Республикасының Конституциясы

3 2006-2008 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы азаматтарын патриоттық тәрбиелеу мемлекеттік бағдарламасы // «Егемен Қазақстан». – 2006.-12 қазан. - № 228

4 Мария Иванова. В ожидании перемен // Страна и мир. — 12 ноября 2012. — № 46 (488). — С. 7. — ISSN 1999-4036

5 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 - 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы

ЗНАНИЕ КУЛЬТУРЫ И ИСТОРИИ СВОЕЙ СТРАНЫ КАК ОСНОВА ПАТРИОТИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ

Савицкая И. П., магистр гуманитарных наук, преподаватель кафедры «История Казахстана и социально-гуманитарные дисциплины»,

*Шагалова Е.Д., студентка 1 курса специальности «Логистика»
Костанайский инженерно-экономический университет
им. М.Дулатова*

Мақалада «патриотизм» түсінігінің маңызы ашылады және қазақстандық патриотизмді қалыптастыру тарих, соғыс оқиғалары мен ұлттық қаһармандар ерліктерін үйрету қажеттілігіне негізделді.

В статье раскрывается сущность понятия «патриотизм» и обосновывается необходимость изучения истории, военных событий и подвигов национальных героев как основы для формирования казахстанского патриотизма.

The article deals with the term “patriotism” and shows the reasons for studying history, war events and heroic deeds of national heroes as a basis for up-bringing of Kazakhstani patriotism.

Казахстанский патриотизм - это веское основание гордиться своей Родиной. Понятие патриотизма имеет очень глубокое, трудно оцененное значение. Чувство родины - это святое чувство. Мы подрастающее поколение, не выросшее и воспитанное на советском патриотизме. Преобразования, которые коснулись буквально всех республик бывшего СССР. Появились новые государства со своей государственной программой. Не исключение и наша молодая республика - наш Казахстан.

У Президента РК Н. А. Назарбаева есть прекрасные слова: «Изменились мы сами, наше мышление и мировоззрение. Мы без особых подсказок поняли, что только собственный труд станет источником благосостояния, а государство должно создать для этого должные условия». Об этом говорит глава государства в своей книге «Казахстанский путь». Не секрет, что многие успехи современного Казахстана мы связываем с именем нашего Президента, его политической волей, мудрой прозорливостью, высокой патриотичностью и огромным желанием сделать Казахстан экономически сильным, демократическим государством, способным войти в число 50-ти конкурентоспособных стран мира.

Родина - не просто слово. Каждый человек считает своей Родиной то место или край, где он родился и вырос, где прожил всю жизнь, познал счастье и горе, радости и невзгоды. Нередко можно услышать от людей, что они служат на благо народа и Отчизны.

Сейчас идет большой акцент на патриотическое воспитание подрастающего поколения. «Они будут патриотами своей мирной, процветающей быстрорастущей страны, известной и уважаемой во всем мире» (выдержка из слов президента РК о том каким он видит Казахстан в будущем) [1]. И это действительно так. За 20 лет независимости выросло новое поколение патриотов, воспитанное в сильном независимом Казахстане. Именно нам, молодым, решать задачи, поставленные Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым в Послании народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050» - новый политический курс состоявшегося государства». Очень важно, что в этом стратегическом документе уделяется особое внимание казахстанскому патриотизму [2].

Новый казахстанский патриотизм - основа успеха нашего многонационального и многоконфессионального общества. Ведь фундаментом казахстанского патриотизма является равноправие всех граждан и их общая ответственность за Родину, и ее будущее.

Воспитание казахстанского патриотизма - одно из ведущих направлений всех учебных заведений. Н.А.Назарбаев подчеркнул в своем выступлении: «Патриотизм, нормы морали и нравственности, межнациональное согласие и толерантность, физическое и духовное развитие, законопослушание. Эти ценности должны прививаться во всех учебных заведениях, независимо от формы собственности» [1].

Какого человека можно назвать патриотом? Обратимся к словарю Владимира Даля «Патриот - любитель отечества, ревнитель о благе его, отчизнолюб, отечественник или отчизник» [3]. Все другие словари трактуют «патриотизм» как «любовь к Родине». Более современные понятия «патриотизма» связаны с местом, где родился и рос человек, с обычаями и традициями родных мест, с историческим прошлым, родовыми корнями. Все, что окружает маленького человека, влияет не только на развитие психики, но и на становление патриотического сознания каждого человека. Так, например, толковый словарь русского языка С. И. Ожегова понятию патриотизм дает следующее определение: «Патриотизм - преданность и любовь к своему отечеству, к своему народу» [4]. В энциклопедическом словаре по политологии, под редакцией Аверьянова Ю. И.: «Патриотизм - эмоциональное отношение к родине, выражающееся в готовности служить ей и защищать от врагов» [5]. Словарь иностранных слов в русском языке даёт следующее определение этому понятию: «Патриотизм - это любовь к родине, к отечеству; одно из наиболее глубоких чувств, закрепленных веками и тысячелетиями» [6].

Патриотизм предполагает гордость достижениями и культурой своей Родины, желание сохранять ее характер и культурные особенности, стремление защищать интересы Родины.

Приближается 70-летие Победы в Великой Отечественной войне. Наш народ, как и народы братских стран, будет отмечать эту знаменательную дату. В этот день вновь соберутся фронтовики, их дети, внуки и правнуки, чтобы отдать дань памяти тем, кто не вернулся с поля боя или ушел из жизни в

послевоенное время. И хотелось бы акцентировать внимание на том, какое огромное количество примеров патриотизма можно взять со страниц истории Великой Отечественной войны. Ведь эстафета любви к Родине должна предаваться из поколения в поколение, не уменьшая важность ее как для страны, так и для каждого из нас. Об этом должна знать и помнить современная молодежь. Как писал М.Е. Салтыков-Щедрин «Идея Отечества одинакова, должна быть присуща сынам его, ибо только при ясном ее сознании человек приобретает право назвать себя гражданином».

История обладает свойством эмоционального воздействия на мысли и чувства людей, она активно участвует в гармоничном воспитании человека и способствует формированию патриотизма [7]. Поэтому неотъемлемой частью формирования патриотизма у современной молодежи является воспитание на примерах героев Великой Отечественной Войны. Мы знаем эти легендарные имена из курса Истории Казахстана:

1) Маншук Маметова. В августе 1942 она добровольно вступила в ряды Красной армии и отправилась на фронт. В части девушка считалась лучшим пулеметчиком. 1 марта 1944 года указом президиума Верховного Совета СССР старшему сержанту Маншук Маметовой посмертно присвоено звание Героя Советского Союза.

2) Алия Молдагулова. Осенью 1942 года добровольно ушла в армию и была направлена в школу снайперов. На фронт попала в августе 1943 года. Воевала в составе 54-й стрелковой бригады 22-й армии 2-го Прибалтийского фронта. 4 июня 1944 года ефрейтору Алие Молдагуловой посмертно присвоено звание Героя Советского Союза.

3) Султан Баймагамбетов. Командир пулеметного отделения 147-го стрелкового полка (43-я стрелковая дивизия, 67-я армия, Ленинградский фронт), старший сержант. Указом президиума Верховного Совета СССР от 21 февраля 1944 года присвоено звание Героя Советского Союза посмертно, за проявленное мужество и героизм в боях с немецко-фашистскими захватчиками.

Осенью 1941 года немецкие части, стоявшие возле Волоколамска, отделяло от Москвы каких-нибудь два часа по шоссе. Однако на этом шоссе стояла 316-я стрелковая дивизия, под командованием генерала И.В. Панфилова. Этот военачальник обладал настолько высоким авторитетом среди личного состава, что бойцы дивизии сами называли себя панфиловцами, а дивизию - панфиловской. 316-я показала себя настолько боеспособным и успешным воинским соединением, что 17 ноября 1941 года обрела статус гвардии и стала 8-й гвардейской. Сложилось так, что на следующий день генерал Панфилов погиб, но дивизия получила право сохранить его имя в своем названии. Такой чести в Советской Армии удостоилась, всего лишь, ещё одна дивизия - 25 гвардейская, носившая имя Чапаева [8].

Даниярова А.Е., Тлеугабылова К. С., Абдрахманова А.А. в своей статье «О патриотическом и нравственном воспитании молодежи на современном этапе» пишут: «Возрождая традиции и достижения предшествующих поколений, мы создаем условия для поступательного движения в будущее, и в этом велика роль образования как фактора обеспечения мира и стабильности путем воспитания молодежи в духе толерантности и согласия» [9]. Поэтому сейчас возрождаются детские организации, тимуровское движение, действует программа «Атамекен», создаются отряды «Жасулан», проводятся операции «Ветеран живет рядом», «Милосердие», «Жасыл ел». Ребята учат заботиться о ветеранах, своих родителях, о младших товарищах. Большое внимание уделяется формированию духовных и культурных ценностей.

Без патриотизма нет ни государства, ни народа. Это то сокровенное, что связывает человека с прошлым и настоящим его страны, вырабатывает надежду и веру в ее будущее, что интуитивно приводит человека к благоговейному отношению к своему Отечеству.

Список литературы:

1. Назарбаев Н.А.– Общенациональная ежедневная газета «Казахстанская правда» от 15.05.2008 г., №101-102 стр. 2-3
2. Рзалиев Р.Н. Новый казахстанский патриотизм - основа успеха нашего общества. Электронный доступ: <http://zkoipk.kz/ru/b1/289-conf.html>
3. Даль В. И. Толковый словарь русского языка. - М.: Астрель АСТ, 2006. - 983 с.
4. Ожегов С. И. Толковый словарь русского языка. - М.: А ТЕМП, 2004. - 944 с.
5. Политология. Энциклопедический словарь. - М.,1993. - 431с.
6. Локшина С. М. Краткий словарь иностранных слов. - М.: Советская энциклопедия, 1971. - 384 с.
7. Шик К. И. Сущность патриотического воспитания учащейся молодежи и некоторые способы его реализации в Республике Беларусь [Текст] / К. И. Шик // Проблемы и перспективы развития образования: материалы II междунар. науч. конф. (г. Пермь, май 2012 г.). — Пермь: Меркурий, 2012. — С. 110-112. Доступ <http://www.moluch.ru/conf/ped/archive/58/2337/>
8. Герои Советского Союза – казахстанцы [Текст]: Библиографический указатель. - В 2 т.- Алма-Ата: Издательство "Казахстан", 1968.- 440 с. электронный доступ: http://www.nlrk.kz/data11/result/ebook_212/#ps
9. Даниярова А.Е., Тлеугабылова К. С., Абдрахманова А. А. О патриотическом и нравственном воспитании молодежи на современном этапе // Современные проблемы науки и образования .-2013.-№1

THE IMPORTANCE OF PATRIOTIC EDUCATION IN A MODERN STATE

*Савицкая И.П., магистр гум. наук, преподаватель кафедры «ИК и СГД», Ерниязова Б., студентка
I курса экономического факультета
Костанайский инженерно-экономический университет
